

**"Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану мақсаттары үшін қызмет түрлерін айқындау және "Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану мақсаттары үшін қызмет түрлерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 912 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 393 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 5 ақпандағы № 39 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 23 ақпандағы № 105 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.02.2026 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану мақсаттары үшін қызмет түрлерін айқындау және "Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану мақсаттары үшін қызмет түрлерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 30 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 17 қарашадағы № 912 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 мамырдағы № 393 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 81-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

81	30.92.2	Мүгедектігі бар адамдарға арналған кресло-арбалар шығару
----	---------	--

";

реттік нөмірі 192-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

192	47.76.1	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден кем болатын, сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде гүлдердің, бөлме өсімдіктерінің бөлшек саудасы
-----	---------	--

"  
,

реттік нөмірі 195-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

195	47.76.4*	Сауда алаңы 2000 ш.м-ден асатын (2000 ш.м және одан жоғары), сауда объектілері болып табылатын мамандандырылған дүкендерде гүлдердің, бөлме өсімдіктерінің бөлшек саудасы
-----	----------	---

"  
,

реттік нөмірі 249-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

249	58.12.0	Анықтамалықтар мен тарату тізімдерін шығару
-----	---------	---

"  
,

реттік нөмірлері 263 және 264-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

263	68.20.1	Жекеменшік немесе жалға алынған тұрғын үйді жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
264	68.20.2***	Жекеменшік немесе жалға алынған бизнес-орталықты, офистік құрылысжайларды, әкімшілік ғимаратты жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару

"  
,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 264-1, 264-2, 264-3, 264-4, 264-5 және 264-6-жолдармен толықтырылсын:

"

264-1	68.20.4***	Жекеменшік саудаға арналған жылжымайтын мүлікті және сауда қызметіндегі көпфункционалды кешендерді жалға беру және басқару
264-2	68.20.5***	Жалға алынатын саудаға арналған жылжымайтын мүлікті және жалға алынған сауда қызметіндегі көпфункционалды кешендерді жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
264-3	68.20.6***	Тұрғын үйлердегі жекеменшік немесе жалға алынған қосарлас, жапсарлас тұрғын емес үй-жайларды жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
		Жекеменшік немесе жалға алынған көрме залын,

264-4	68.20.7	конференц-залдарды жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
264-5	68.20.8	Жекеменшік немесе жалға алынған қойма үй-жайларын жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару
264-6	68.20.9***	Басқа топтамаларға енгізілмеген жекеменшік немесе жалға алынған өзге де жылжымайтын мүлікті жалға беру (қосалқы жалға беру) және басқару

"  
,

реттік нөмірі 291-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

291	81.21.1	Тұрғын үйлерді жалпы жинау
-----	---------	----------------------------

"  
,

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 291-1-жолмен толықтырылсын:

"

291-1	81.21.2	Коммерциялық ғимараттарды жалпы жинау
-------	---------	---------------------------------------

"  
,

реттік нөмірлері 312, 313 және 314-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

312	87.10.0	Пациенттердің тұруы мен оларға орта медициналық персоналдың күтім жасауын қамтамасыз ете отырып, арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
313	87.20.0	Психикасының бұзылуынан (ауруынан), ақыл-ой дамуының тежелуінен және дене кемістігінен, алкогольге немесе есірткіге тәуелділіктен зардап шегуші адамдардың тұруын қамтамасыз ете отырып, оларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну
314	87.30.0	Тұруын қамтамасыз ете отырып, егде азаматтарға және мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну

"  
,

реттік нөмірі 316-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

316	88.10.0	Егде азаматтарға және мүгедектігі бар адамдарға тұруы қамтамасыз
-----	---------	--

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*